## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 10-апта

Білім беру ұйымы: «Дэн» бөбекжайы МККК
Топ: әр түрлі жастағы «Бөбек» тобы
Балалардың жасы: 2, 3, 4
Жоспардың құрылу кезеңі: 03.11 – 07.11.2025

Тәрбиешілер: Курманбаева А.Н
Шулембаева Ж.С.

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 03.11.2025 | Сейсенбі 04.11.2025 | Сәрсенбі 05.11.2025 | Бейсенбі 06.11.2025 | Жұма 07.11.2025 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, күзгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы)<br>**Сөздік қоры:** Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме! | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | **«Адал азамат» бағдарламасы «Құндылық-Әділеттілік және жауапкершілік»**<br>**«Әділдік пен жауапкершілік біртұтас ұғым!»** - ата-аналармен әңгімелесу<br>Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Шаттық шеңбер**<br>(музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.)<br>«Шаттық шеңбер»<br>Мына аспан астында<br>Жақсы дос көп табылар.<br>Мен де соның бірімін,<br>Сыйлығымды ал!<br>**«Адал азамат» бағдарламасы «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұраны орындалады.**<br>**Әңгімелесу:** "Достық" (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Міндеті: достық туралы мағынасын түсінеді.<br>**Сөздік қоры:** достық<br>Апталық тақпақ: **(көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)**<br>Алақанды шапайық,<br>Күннің нұрын салайық.<br>Жүрек жылуын алайық,<br>Жиналған жылы шуақты,<br>Қонақтарға сыйлайық.<br>Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында.<br>Міндеті: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі. | | | | |

AnyScanner
AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ертеңгілік жаттығу | № 10 Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту)<br>"Көңілді жаттығу" | | | | |
| Таңғы ас | Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою.<br>тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз<br>(көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>**Сөздік қоры:** Рахмет | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Д/О: «Кім? Не?»<br>Міндеті: Жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету.<br>(қоршаған ортамен танысу - танымдық қызмет) | Д/О: «Қай жерде не бар?»<br>Міндеті: Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. (тіл дамыту - коммуникативтік, ойын қызмет) | Д/О: «Кім не істейді?»<br>Міндеті: Балаларға есімдерді дұрыс атауды үйрету,<br>мамандықтардың атауларын бекіту.<br>(қоршаған ортамен танысу-зерттеу, танымдық қызмет) | Д/О: «Бұл қай кезде болады?»<br>Міндеті: Балалармен тәулік бөліктерін бекіту (таңертең, күндіз, кеш, түн).<br>(сенсорика, математика негіздері- ойын, коммуникативтік қызмет) | Д/О: «Сөзді айтуға көмектес»<br>Міндеті: Сөздерді толық әрі дұрыс айтуға үйрету<br>(тіл дамыту-коммуникативтік, ойын қызмет) |
| Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | Тіл дамыту, көркем әдебиет<br>«Бұл кім?» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (кім? не? не істейді?) сұрақтарға жауап беруге өз ойын айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры: маман<br>«Жиһаздар» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: заттарды жалпы (жиһаз) және ерекше белгілері | Дене тәрбиесі<br>«Мысық» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Бір-бірінің қолдарынан ұстап аяқтың ұшымен жүру.<br>Сөздік қоры: жүр<br>(3 жас), (4 жас)<br>(дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>Тіл дамыту, көркем әдебиет<br>«Ойыншықтар» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Сөз тіркестерін құра білуге | Сенсорика, математика негіздері<br>«Түрлі-түсті пішіндер» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.<br>Сөздік қоры: пішін<br>«Суреттегі заттарды салыстыр» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: заттарға қосу | Дене тәрбиесі<br>«Команда» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Шағын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру.<br>Сөздік қоры: жүгір<br>(3 жас), (4 жас)<br>(дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>Сенсорика, математика негіздері<br>«Көлемі бойынша тап» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: түрлі | Музыка<br>«Бұлбұл құсы» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің даусы ырғағына, сөздерінің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту.<br>Сөздік қоры: құс.<br>(3 жас)<br>«Музыка әлемі» ойыны<br>Міндеті: Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен |

AnyScanner

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>Сөздік қоры: жиһаз<br>«Өскенде кім боламын?» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.<br>Сөздік қоры: жиһаз<br>Сенсорика, математика негіздері<br>«Әр түрлі пішіндер» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды өлшемі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.<br>Сөздік қоры: пішін<br>«Суреттерді салыстыр» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру<br>Сөздік қоры: тең<br>«Әр түрлі заттар» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Балаларға | (сын есім+зат есім+етістік) сөздерін дұрыс айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры: ойыншық<br>«Ойыншықтар дүкені» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: заттарды жалпы (ойыншықтар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>Сөздік қоры: ойыншық<br>«Ойыншықтар түрлері» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту.<br>Сөздік қоры: ойыншық.<br>Сенсорика, математика негіздері<br>«Геометриялық пішіндер» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды пішіні бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыру.<br>Сөздік қоры: пішіндер<br>«Артық-тең» ойыны<br>(3 жас) | немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру.<br>Сөздік қоры: пішіндер<br>«Дұрыс санап бер» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: 4-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау.<br>Сөздік қоры: сандар<br>Дене тәрбиесі<br>«Кедергілерден өту» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу: заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр) құрсаудан құрсауға аттап өту.<br>Сөздік қоры: секір<br>(3 жас), (4 жас)<br>(дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша)<br>Тіл дамыту, көркем әдебиет<br>«Ыдыстардың түрлері» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Ыдыс заттардың атауларын дұрыс айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры: ыдыс.<br>«Дүкендер» ойыны | көлеміндегі геометриялық фигураларды негізгі түсі бойынша салыстыру.<br>Сөздік қоры: көлем<br>«Салыстыр» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>Сөздік қоры: тең, артық<br>«Топтарды салыстыр» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету.<br>Сөздік қоры: артық, тең.<br>Тіл дамыту, көркем әдебиет<br>«Жиһаз» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: жиһаз заттардың атауларын дұрыс айтуға үйрету.<br>Сөздік қоры: жиһаз.<br>«Аяқ киім дүкені» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: заттарды жалпы (аяқ киім) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту | салыстыра білуді қалыптастыру<br>Сөздік қоры: ән<br>«Музыка әлеміне саяхат» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру<br>Сөздік қоры: ән, жанр.<br>Тіл дамыту, көркем әдебиет<br>«Дүкенші» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.<br>Сөздік қоры: сатушы.<br>«Ыдыстар дүкені» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: заттарды жалпы (ыдыс) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту<br>Сөздік қоры: ыдыс<br>«Тәртіпті бала» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: аталған заттардың қолданылуы ысы туралы балалармен талқылау.<br>Сөздік қоры: бала. |

AnyScanner
AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жиһаз, оның әртүрлі түстері, пішіндері, өлшемдері заттардан тұратындығы туралы түсінік беру<br>Сөздік қоры: әр түрлі.<br>Қоршаған әлеммен таныстыру<br>«Көліктер» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.<br>Сөздік қоры: көлік.<br>«Көлік түрлері» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру<br>Сөздік қоры: көлік.<br>«Көлік жүргізушілер» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру<br>Сөздік қоры: көлік. | Міндеті: «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.<br>Сөздік қоры: артық, тең.<br>«Жұбын тап» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: заттарды жұппен қою арқылы оларды салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу<br>Сөздік қоры: жұп | (3 жас)<br>Міндеті: заттарды жалпы (киім) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>Сөздік қоры: киім<br>«Сәйкес суретін тап» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде атау.<br>Сөздік қоры: киім, ыдыс | Сөздік қоры: аяқ-киім.<br>«Суреттермен әңгіме құрастыр» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: Балаларды әңгіме айтуға үйрету<br>Сөздік қоры: әңгіме<br>Қазақ тілі<br>«Сөйлейтін суреттер» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту<br>Сөздік қоры: отбасы.<br>«Менің отбасым» ойыны.<br>(4 жас)<br>Міндеті: Үлгі бойынша жай сөйлемдер құра білуге үйрету<br>Сөздік қоры: отбасы. | Сенсорика, математика негіздері<br>«Ұқсасын тап» ойыны<br>(2 жас)<br>Міндеті: түрлі көлеміндегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру<br>Сөздік қоры: пішін<br>«Заттарды салыстыр» ойыны<br>(3 жас)<br>Міндеті: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру<br>Сөздік қоры: тең.<br>«Теңдік пен теңсіздік» ойыны<br>(4 жас)<br>Міндеті: теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру<br>Сөздік қоры: тең. |
| | Ұйымдастырылған іс әрекеттер арасындағы сергіту сәттерін өткізу | | | | |
| Серуенге дайындық №1 | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу<br>Балаларды реттілікпен киінуін ( ауа-райына байланысты) бақылау (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моторикасы дамыту). | | | | |
| Серуен №1 | Алтын күзді бақылау (қоршаған ортамен | Жәндіктерді бақылау (қоршаған ортамен | Күз мезгіліндегі адамдардың киім киюі | Күз мезгілінде ауа райын бақылау | Жаңбырды бақылау (қоршаған ортамен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныcу-зерттеу, еңбек әрекеттері)<br>Міндеті: Күзгі аланның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау. Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату.<br>Қуанлырып біздерді,<br>Мерекелі күз келді.<br>Кел жемісті алтын күз<br>Кемелденсін халқымыз<br>Қимылдық ойын: «Жылғадан қарғып өтеміз», «Қоян мен қасқыр»<br>Міндеті: Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға үйрету<br>Еңбек: «Таза алаң»<br>Міндеті: Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау. Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету<br>Жеке жұмыс: «Отбасы мүшелері»<br>Міндеті: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету<br>Қимылдық ойын: «Көрші»<br>Міндеті: Балалардың ептілікке, сезімталдық, | таныcу-зерттеу, еңбек әрекеттері)<br>Міндеті: Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?<br>Міне, кейін, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр.<br>«Қыстың қамын жаз ойла»<br>Еңбек: Біздің алаң<br>Міндеті: Ауладағы жапырақтарды жинау. Балалардың еңбекке ынтасын арттырып, өздігінен еңбек ете білуге үйрету<br>Жеке жұмыс: Тыйым сөздерді жаттату.<br>Міндеті: «Суға түкірме», «Нанды баспа», «Дастархан басында секірме» т.б сөздердің мағынасын айтып түсіндіру<br>Қимылдық ойын: «Итеріспек»<br>Ойын барысы: Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады. Егер бір аяқпен секіріп жүріп, екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден | бақылау (қоршаған ортамен таныcу-зерттеу, еңбек әрекеттері)<br>Міндеті: Адамдардың неліктен күз мезгілінде жылырақ киінетіндігін балаларға айтып түсіндіру<br>Еңбек: Біздің ауламыз<br>Міндеті: Ауладағы түскен жапырақтарды жинауға балаларды тазалыққа, еңбекқорлыққа баулу.<br>Жеке жұмыс: «Күзгі киім»<br>Міндеті: Күзгі киім атауларын үш тілде үйрету.<br>Қимылдық ойын: «Күн мен түн».<br>Міндеті: Балаларды әр түрлі қимыл-қозғалысын дамыту, шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу<br>Қимылдық ойын: «Ортасына дейін кім бұрын жетеді?».<br>Міндеті: Балалардың қимыл- қозғалысын дамыту, шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы: Екі қысқа жұмыр таяқ | Айналадағы адамның күзгі еңбегі (қоршаған ортамен таныcу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)<br>Міндеті: Күзгі еңбекпен таныcады.<br>Сөздік қоры: күз, жапырақ<br>Тақпақ: Күздігүні таңертең,<br>Ерте оянып жас бала.<br>«Күз» деп сыртқа қарайды,<br>Көңіл бөлмей басқаға.<br>Қимылды ойын: «Ақ қоян»<br>Міндеті: Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіреді.<br>Еңбек: Ауладағы жапырақтарды тазалау<br>Міндеті: Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиеленеді.<br>Жеке жұмыс: Бұлттар төніп, жерге төгілді,<br>Дымқыл тұман басады.<br>Шөп сарғайып, өң тайып,<br>Дала құры қашады.<br>Ойнай алмай,<br>Денең мұздап тоңады.<br>(Күз)<br>Міндеті: жұмбақты шешеді. | таныcу-зерттеу, еңбек әрекеттері)<br>Міндеті: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.<br>Мысалы: Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.<br>Сөздік қоры: жаңбыр<br>Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту<br>Міндеті: Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br>Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай?<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Кел - көсір су не деген?<br>(Жаңбыр)<br>Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.<br>Қимылдық ойын: «Сұр қоян»<br>Міндеті: тапқырлыққа, шапшаңдыққа үйрету, достыққа тәрбиелеу. |

AnyScanner

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту. Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету. Ойын барысы: Балалар екі-екіден қол ұстасып, бірінің артына бірі тұрады. Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі. | итеріп шығарса жеңеді. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді | алынады. Ұзындығы 8 м жіпті екі шынан байлайды. Оның как ортасына лентамен байлап белгілейді. Балалар таяқтарды алады да, бір-бірінен алшақтап, екі жаққа қарай жіпті таяққа орап, екі қолдарымен таяқты айналдыра бастайды да, алға қарай жылжиды. Жіпті лентаға дейін кім бұрын ораса, сол жеңген болып есептеледі. | | |
| Серуеннен оралу | **«Адал азамат» бағдарламасы. «Үнемді тұтыну»**<br>Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі.<br>Мәдени-гигиеналық дағдылар | | | | |
| Түскі ас | Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>**Сөздік қоры:** Рахмет. | | | | |
| Күндізгі ұйқы | Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру<br>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қояды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).<br>Ертегі оқу. «Бауырсақ»<br>Міндеті: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту.Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке,мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу.<br>(көркем әрекет-коммуникативті қызмет)<br>**«Адал азамат» бағдарламасы. Күй күмбірі-** балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. | | | | |

AnyScanner
AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)** | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | № 10 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету<br>Шомылған баланы,<br>Аймалап алады.<br>Сүртеді қолынды,<br>Сүртеді жонынды. (мәдени-гигиеналық дағдылар). | | | | |
| Бесін ас | Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері;<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау.<br>**Сөздік қоры:** қолды жуу, сүлгі, ас болсын! | | | | |
| Балалардың дербес іс-әрекеті | Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру<br>Ойын: «Күзгі жаңбыр» (2 жас)<br>Міндеті: Дәстүрлі емес әдістерімен суреттер салу.<br>Сөздік қоры: жаңбыр.<br>Ойын: «Үйдің төбесі» (3 жас)<br>Міндеті: Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету.<br>Сөздік қоры: үй.<br>Ойын: «Ою-өрнектер» (4 жас) | Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру<br>Ойын «Пішіндер түрлері» (2 жас)<br>Міндеті: Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.<br>Сөздік қоры: дөңгелек.<br>Ойын «Суретті сызып сал» (3 жас)<br>Міндеті: Көлденең және тік сызықтарды салу<br>Сөздік қоры: сызық.<br>Ойын: «Түрлі-түсті | **«Адал азамат» бағдарламасы: «Қауіпсіздік сабағы»** - Ермексазбен жұмыс (балалармен ермексаз туралы әңгімелесу).<br><br>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру<br>Ойын: «Сызықтарды қос» (2 жас)<br>Міндеті: Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда) қағаз бетіне қойып құрастыруға үйрету.<br>Сөздік қоры: сызық.<br>Ойын: «Көкөністер мен | Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру<br>Ойын: «Үлгі бойынша құрастыр» (2 жас)<br>Міндеті: Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру.<br>Сөздік қоры: ғимарат.<br>Ойын: «Бауырсақ» (3 жас)<br>Міндеті: Саз балшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, шиыршу.<br>Сөздік қоры: дөңгелек.<br>Ойын: «Ертегі | Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру<br>Ойын: «Шаршы пішін» (2 жас)<br>Міндеті: Балаларды бейнелерді фланелеграфта (шаршыда) қағаз бетіне қойып құрастыруға үйрету.<br>Сөздік қоры: шаршы.<br>Ойын «Көлемі бойынша құрастыр» (3 жас)<br>Міндеті: Қағаз бетінде көлемі бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен |

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Міндеті: Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «құс тұмсық» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Сөздік қоры: пішін. | текше» (4 жас) Міндеті: Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану Сөздік қоры: төртбұрыш | жемістер» (3 жас) Міндеті: әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер), заттарды бейнелеу. Сөздік қоры: пішін Ойын: «Тәрелкедегі жемістер» (4 жас) Міндеті: Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Сөздік қоры: жемістер. | кейіпкері» (4 жас) Міндеті: Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату. Сөздік қоры: басы | орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау. Сөздік қоры: дөңгелек Ойын: «Оюлар» (4 жас) Міндеті: Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін «ботакөз» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Сөздік қоры: ою |
| Балалармен жеке жұмыс | Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениет, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (тіл дамыту, математика негіздері) | | | | |
| | 3 жас Қабиева Амина Қанат Дарын Тасболат Ұлан Әділхан Азалия Д/ойын: «Керісінше айт» Міндеті: Антоним сөздерді дұрыс айтуға үйрету. (қоршаған ортамен танысу-зерттеу, еңбек әрекеттері) | 4 жас Гуменяк Милана Жұматай Шах-Керім Д/ойын: «Биік (ұзын, үлкен, кең, жуан) не болады?» Міндеті: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету,тапсырманы орындауға жаттықтыру. (сенсорика, математика негіздері- танымдық, ойын қызмет) | 4 жас Слинченко Макар Курманбаев Нияр Есен Бекзат Тағар Темірлан Хажбатыров Джохар Гуменяк Милана Айдарбек Болатхан Д/ойын: «Сипаттамасы бойынша тап» Міндеті: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту (математика негіздері-ойын, коммуникативтік қызмет) | 2 жас Климович Савелий Қази Дархан Куанова Эмилия Пинчук Ростислав Қоныcбек Амир Д/ойын: «Сөз қос» Міндеті: сөзге сөз қосып,сөйлем құрастырту арқылы баланың зейінін,шапшаң ойлауын дамыту (тіл дамыту – ойын, коммуникативтік қызмет) | 3 жас Ержан Батыр Закревская Лиана Д/ойын: «Сөзді өзгерт» Міндеті: Әріптерді ауыстыру немесе алып тастау арқылы сөздерді өзгертуге үйрету (тіл дамыту – ойын, коммуникативтік қызмет) |
| Кешкі ас | Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні ілип қою. Үлкендердің – | | | | |

AnyScanner

AnyScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көмекшінің, мұғалім мен аспазының еңбегін құрметтеп, бағалауды үйренеді<br>**Сөздік қоры:** Рахмет.<br>Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)<br>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс, этикет ережелері.<br>Балалардың ұқыптылығын бағалау. | | | | |
| Серуенге дайындық №2 | Серуенге қызығушылықты арттыру.<br>Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау<br>«Киімді қалай киюге болады?» әңгіме<br>Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек.<br>(тіл дамыту-коммуникативті қызмет) | | | | |
| Серуен №2 | Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған әлеммен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (тіл дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті | | | | |
| | Кешен №10 бекіту<br>**«Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Ақ сандық, көк сандық»<br>Міндеті: Балаларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету<br>(дене қозғалысы) | Кешен №10 бекіту<br>**«Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Асық ату»<br>Міндеті: Балаларды шапшаңдыққа, тапқырлыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету<br>(дене қозғалысы) | Кешен №10 бекіту<br>**«Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Оқтау тартыс»<br>Міндеті: Балаларды тату ойнауға үйрету.<br>Тез жүгіруге,ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>(дене қозғалысы) | Кешен №10 бекіту<br>**«Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Сақина тастау»<br>Міндеті: Балаларды тату ойнауға үйрету.<br>Тез жүгіруге,ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу<br>(дене қозғалысы) | Кешен №10 бекіту<br>**«Адал азамат» бағдарламасы: «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»**<br>«Қыз қуу»<br>Міндеті: Балаларды тату ойнауға үйрету.<br>Тез жүгіруге,ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу<br>(дене қозғалысы) |
| Балалардың үйге қайтуы | **«Адал азамат» бағдарламасы «Өнегелі 15 минут»**<br>Ата – аналарға балалардың жетістіктері туралы әңгіме, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру. Ата-аналармен балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгіме жүргізу.<br>**Сөздік қоры:** Сау болыңыз, Сау болыңыздар! | | | | |

**Тексерілді:** 03.11.25ж

AnyScanner

AnyScanner